

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.2 - С.173-175

## **ЕКІНШІ ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Ораз А.*

Шағын және орта бизнес – бүгінгі өркениетті дүниежүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін салалардың бірі болып саналады. Шағын және орта бизнестің дамуының бірден бір көзі банктік несие болып табылады.

Шағын және орта бизнесті дамыту ол – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды.

Шағын және орта бизнестің күрделі мәселелерінің бірі – несиелік ресурстарды алудың қиындығы. Себебі, несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар жоқ. Осы себептен банктерде шағын және орта бизнесті қаржыландыруға асықпайды. Республикамызда шағын кәсіпкерлікті тиімді қаржыландыру үшін қажетті ресурстарға деген үлкен тапшылық орын алып тұр. Мұндай қаржы бойынша шешімін таппай тұрған мәселелерге:

- несие алудың шектеулігі;
- коммерциялық банктердің кепілдік міндеттемені жоғары деңгейде ұстауы;
- берілетін несиенің пайыздық мөлшерлемесінің жоғары болуы және қысқа мерзімділігі;
- шағын кәсіпкерлікке микро несие берудің заңдылық негізінің жоқтығы;
- банктердің шағын кәсіпкерлікті несиелеу саясатының анықсыздығы.

Несие берілетін мерзіміне қарай қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Несиенің жеделділігі оны қайтару, өтеу мерзімдерімен анықталады. Осылай қысқа мерзімді несиелер бір жылдан аспайтын мерзімге, ал ұзақ мерзімді - бір жылдан асатын мерзімге беріледі [1].

Қысқа мерзімді несие кәсіпорынның айналым қаражаттарының қалыптасу көздерінің бірі болып табылады. Ол кәсіпорынның ағымдағы қызметі процесінде жетіспейтін ақша қаражаттарының қажеттілігін жабуға мүмкіндік береді. Бір жылдан астам уақытқа кәсіпорын күрделі шығындарына несие ала алады. Бұл жағдайда несие оның дамуына, өндірісті кеңейтуге, оны қалпына келтіруге, жаңа техниканы ендіруге, қымбат жабдықтарды алуға және басқа мақсатты бағдарламаларға бағытталған кәсіпорынның қарыз қаражаттары ресурстарының көздері ретінде жұмсалады.

Қазіргі кезде шағын және орта бизнес субъектілері арасында қысқа мерзімді несиелер іс жүзінде жиі ретте қолданылады, бұл орайда шағын және орта бизнес субъектілерінің сауда-делдалдық қызметке, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге, қоғамдық тамақтандыру қызметтері көрсетуге бағдарлануы ескеріледі.

Банктер кез келген уақытта, кез келген қарыз алуға ниет білдірген субъектілерді несиелеген кезде пайда болатын несиелік тәуекелді банктің қаншалықты тиімді жаба алу тәуекеліне кез болады. Сонымен қатар кәсіпорынның несиені пайдаланудың жоғары тиімділігі коммерциялық банктің қызметінде де көрінеді. Себебі, соңғысы несиелік ресурстарды орналастыру арқылы жоспарланған қосымша пайда алады.

Жоғарыда айтылғандай, шағын және орта бизнесті несиелеу қаржыландырудың банктер үшін тәуекел деңгейінің өте үлкендігі ең бірінші фактор болып отыр. Сонымен қатар банктік қызметтердің іске асуының өзіндік құнының жоғарылауымен де тікелей байланысты. Осы аталған факторларға байланысты мемлекет тарапынан банктік емес қаржылық мекемелердің шағын бизнесті инвестициялауына ынталандырудың қозғаушы механизмін жасау керек. Қазіргі кезде шағын және орта бизнесті арнайы инвестициялайтын компания құру керек. Сондай-ақ шағын және орта бизнесті несиелейтін коммерциялық банктердің механизмі мен тәртібін қарастыру керек [2].

Коммерциялық банктер шағын және орта бизнесті несиелеуде бюджет қаражаттарының кепілімен және де арнайы мемлекеттік қоғамдық қорлар мен бірлестектердің қаражаттары кепілі арқылы несиелеуді қарастыруы керек. Шағын және орта бизнесті қолдау ретінде банктердің және басқа да қаржылық институттардың несиелік ресурстарын кеңінен тарту мақсаты алға қойылған жөн.

Инвестицияларды қорғау шаралары бойынша коммерциялық құрылымдардың коммерциялық шағындарының қорғалуын қарастырып, жеңілдіктермен шағын және орта бизнеске несиелер бөлу операцияларын жетілдіру керек. Шағын және орта бизнестің дамуы мен оның одан әрі нығаяуының базасы ретінде тұрғындардың банктік жинақтарының индексациясын жүргізу болып табылады [3].

Осы мақсатта несиелік корпорациялар жүйесі мекемелері зор роль атқарады. Мұндай мекемелер шағын және орта бизнесті қаржыландырғаны үшін белгілі бір мөлшерде салықтық жеңілдіктер, несиелік ресурстар және мемлекет кепілін алады. Мұндай несиелік корпорациялар жекеменшік нысанында болып, коммерциялық негізде жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта шағын және орта бизнес әр түрлі қаржылық мекемелерден көмек алуда. Банкпен несиелендіру мерзімдері өте қысқа. Сондықтан осы корпоративті экономика үлгісіндегі экономикаға сай қаржы институттарының жаңа формаларын енгізу керек. Ол шағын және орта бизнеске төмендетілген процентпен несие беру, өзара несиелеу қоғамдарын құру керек. Ал, коммерциялық банктер мемлекет тарапынан шағын бизнесті несиелегені

үшін ешқандай жеңілдіктер алмағандары үшін бұл секторды несиелеуге онша қызығушылық тудырып отырған жоқ.

Қазіргі таңда шағын және орта бизнесті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ел басшылығы ол істі табысты жүзеге асырудың мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді. Шағын және орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиелен қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталған дұрыс. Бүгінгі күні отандық банктеріміздің барлық капиталының мөлшері әлемдегі ірі банктердің капиталынан жүз есе кем екендігін ескеретін болсақ, онда банктерге ең алғашқы кезекте өздерінің ресурстарын нығайту қажеттілігі туып отыр. Әрине, қазіргі уақытта қатаң нарықтық экономика аясында өзін-өзі сақтандыру, өзін-өзі көрсете білу, бәсекелестікке төтеп беру үшін банктер тарапынан біраз жұмыстар жасалуы қажет. Ал, коммерциялық банктердің шағын және орта бизнесті несиелеу механизімі мәселелеріне әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларды ендіру керек [4].

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағыттарының бірі – мемлекеттің қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасау және несиелеу жүйесін жетілдіру басты мәселелер болып саналады. Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- Екінші деңгейдегі банктердің шағын және орта бизнес кәсіпкерліктің өндірістік секторына жергілікті және республикалық бюджеттің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген, мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың есебінен, заңдарда белгіленген тәртіппен несие беруі;

- Шағын және орта бизнес субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған кәсіпкерлердің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу;

- Тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте аталған мақсатқа қаражат көзделген жағдайда жобаларды екінші деңгейдегі банктермен қоса, бюджеттен қаржыландыру;

- Қоғамдардың өзара несие беру және өзара сақтандыру қызметін ұйымдастыру тетіктерін әзірлеу [5].

Қазіргі кезде Республикада жаңа ашылған кәсіпорындарды несиелеудің құралдары мен объектілері әлі де дамымай келеді. Бұл лизингтің, кейстық несие, франчайзинг, факторинг және басқалары. Шағын және орта бизнес әлі күнге шейін банктердің қызығушылық сферасынан тыс қалуда. Осыған байланысты оларды лизингтік несиелер, сақтандыру, франчайзинг пен факторингті дамыту және қолдаудың басқа дәстүрлі түрлерінің маңызы зор.

Шағын және орта бизнесті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы несие беру шарттары мен

рәсімдерін белгілей отырып, олардың мақсатты топтарын қаржы-несиелік қамтамасыз етудің деңгейлі схемасын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде шағын және орта бизнесті жетілдіру және несиелендірудің жалпы тәжірибесі Қазақстан үшін өте маңызды болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Сейітқасымов Ғ.С. Ақша,несие,банктер. – Алматы: «Экономика», 2005.-357б.

2. Мейірбеков Б.Қ. Қазақстандағы шағын бизнес: проблемалар мен мәселелер. //Хабаршы Қазақ Ұлттық инженерлік академия .-2014.-№1.- 164-169 бет

3. Тұрғанбаев Қ.Д. Несие бизнестің дамытудың жолдары.- Экономика. Тараз қаласы - 2011. – 260 б.

4. Features and Problems of Attracting Investments into Agriculture of Kazakhstan// Journal of Advanced Research in Law and Economics / 2017 Volume VIII, Issue 4(26) p. 1255- 1259 by Zh. Omarkhanova, D. Tleuzhanova, R. Berstembayeva, Z. Mukhambetova, B. Matayeva, and G. Alina

5. Statistical methods in investment insurance / Zh. Omarkhanova, D. Amerzhanova, L. Mardenova, A. Zayakina, R. Sartova. // Entrepreneurship and Sustainability Issues IS. SN 2345-0282 (online) <http://jssidoi.org/jesi/> .-2019.- Volume 7 Number 2 (December).- p.1582 -1598